

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін 2022 жылға арналған жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің 2021 жылғы 3 қарашадағы № 491 қаулысы. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының б) тармақшасына сәйкес Арқалық қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін 2022 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. "Арқалық қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Арқалық қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Арқалық қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімінің міндетін атқарушы

Е. Раисов

Қала әкімдігінің
2021 жылғы 3 қарашадағы
№ 491 қаулысына
қосымша

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін 2022 жылға арналған жұмыс орындарының квотасы

№	Атауы	Жыл басындағы жұмыскерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (жұмыскерлердің тізімдік санынан %)	Ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептегенде, белгіленген квота саны (адам)		Мүгедектер санатына жатқызылған жұмыскерлер жұмыс істейтін жұмыс орындарының саны (бірлік)
				барлығы	оның ішінде 2022 жылға	

1.	"Әйелдерге, жасөспірімде рге және балаларға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығы" ММ	51	2	1	1	0
----	---	----	---	---	---	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК